

МЕДИЦИНАЛЫҚ ОРТАЛЫҚ ҚҰРУ ҰСЫНЫЛДЫ

ҚазҰУ ректоры Алматы қаласындағы №1 ауруханада Оңтүстік Кореяның медициналық орталығын құруды ұсынды. Бұл туралы Ғалым Мұтанов Корея Республикасының Бас консулы Ким Хынг Сумен кездесуі барысында айтты.



Кездесуді ашқан ректор «Корея Республикасы Қазақстанның стратегиялық әріптесі және оның даму қарқыны тереңдеу деңгейіне көтерілді. Бүгінде университет Кореяның көптеген ЖОО тығыз байланыс орнатып, ҚазҰУ мен корей университеттері арасындағы ынтымақтастық саласы күннен-күнге артауда. Атап айтар болсақ, халықаралық білім беру бағдарламалары, студент алмасу, оқытушы-профессорлар құрамының біліктілігін арттыру магистранттар мен докторанттардың тағылымдамадан өтуі сынды көптеген бағыттар тұрақты негізде ұйымдастырылып келеді. 2014 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың қатысуымен Енсэ университеті жанындағы Кангнам Северанс ауруханасымен бірлесе ҚазҰУ-дың диагностикалық орталығы ашылған болатын. Осы ретте келесі аптада ҚазҰУ-ға Северанс клиникасының президенті Ли Бен Сок бастаған «Енсэ» университетінің делегация құрамы келу жоспарлануда. Келетін делегация өкілдерімен біз Алматы қаласындағы №1 аурухана қызметінің бірлескен жұмыстарын талқылайтын

боламыз. Бүгінде біздің университетімізде №1 аурухана яғни, клиникалық база бар. Бұл жобаны Елбасының өзі тікелей қолдап, клиника өз кезегінде Оңтүстік Кореяның үздік мамандарымен тәжірибе алмасып, медицина саласын қарқынды дамытуға үлкен мүмкіндік ашпақ», – деді ректор.

Корея Республикасының Бас консулы Ким Хынг Су «ҚазҰУ Кореяның көптеген жоғары оқу орындарымен орнатқан білім ғылым саласындағы қарым-қатынасы, корейлер қауымдастығы, Қазақстанның Орталық Азиядағы ядродан азат мемлекет ретінде және басқа да әртүрлі бағыттары бізді үнемі байланыстырады», – деп атап өтті. Сондай-ақ ол ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтановтың Алматыда Оңтүстік Кореяның медициналық орталығын құру туралы ұсынған жобасына қызығушылық танытып, қажет болса келесі апта келетін корейлік делегация құрамында болып қолдау көрсетуге дайындығын жеткізді.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

КАЗНУ В МИРОВОМ РЕЙТИНГЕ

Казахский национальный университет имени аль-Фараби в авторитетном мировом рейтинге «Times Higher Education» (THE) вошел в группу 201-250 лучших вузов развивающихся стран.



При составлении рейтинга университетов стран с формирующейся рыночной экономикой в 2019 году учитывались такие показатели как: эффективность научно-образовательной деятельности; уровень преподавательского состава и проводимых исследований; публикация и цитирование научных статей; международное сотрудничество и другие.

В рейтинге THE представлены 442 университета из 43 стран мира. В первую десятку вошли семь университетов Китая, которые заняли первые четыре места рейтинга. На первом месте – университет Цинхуа, втором – Пекинский университет, пятая строчка досталась МГУ им. Ломоносова, десятое – Национальному университету Тайваня.

ЖАҢА БАҒДАРЛАМАНЫҢ БЕРЕРІ КӨП

Кезекті ректорат отырысында күн тәртібінде MAJOR+MINOR білім беру бағдарламаларын дайындау туралы оқу жұмысы жөніндегі проректор Асқар Хикметовтің хабарламасы талқыланды.

Баяндама барысында факультеттер тарапынан ұсынылған MAJOR+MINOR білім беру бағдарламасының тиімді әрі ұтымды тұстары айтылып, оқу барысына енгізу жоспарлануда. Бұл бағдарлама әлемдік тенденцияда қолданыс тапқан Сингапур ұлттық университеті мен Йорк университетін негізге ала отырып жасалып отыр. Major – кәсіби құзыреттілікті қалыптастыратын негізгі білім беру бағдарламасы, ал Minor – қосымша құзыреттерді қалыптастыратын қосымша білім беру бағдарламасы.

«Minor бағдарламасының мақсаты – жаңа технологияларды қабылдауға және дамытуға қабілетті кадрларды даярлау, сондай-ақ ең жақсы жұмысқа орналасу мүмкіндігін қамтамасыз ету. Болашақ мамандықты менгеруде студент негізгі мамандығына қосымша екінші мамандықты менгереді. Мысалы, журналистика оған қосымша аймақтану, аударма ісін де қоса оқып, менгеруіне мүмкіндік бар. Minor бағдарламалары мамандыққа тікелей қатысы жоқ жеке немесе кәсіби мүдделермен анықталуы мүмкін.

Жалғасы 3-бетте

МӘДЕНИ
ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ
ЖАҢА ТҮСІНІКТЕРІ



2-бет

УНИВЕРСИТЕТ-
БІЗДІҢ МАҚТАНЫШЫМЫЗ



3-бет

ҚАЗҰУ-ДА
ФИЛОСОФТАР
БАС ҚОСТЫ



7-бет

ЖАҢА БАҒДАРЛАМАНЫҢ БЕРЕРІ КӨП

«Minog» жұмыспен қамту және ЖОО-ның бәсекеге қабілеттілігін арттырады. «Minog» аясында оқыған пәндер дипломға енгізіледі. Minog бағдарламасына қосымша 20-25 академиялық кредит бөлінеді және 6-7 семестрден бастап оқыту жоспарлануда. Барлық студенттер бірінші курс соңында өз калаулары бойынша оқу бағдарламасына енген Minog пәндерін тандай алады», – деді Асқар Хикметов.

Сонымен қатар, 2016-2018 жж. диссертациялық кеңестердің жұмыстары жайында ғылыми кадрларды дайындау және аттестаттау басқармасының басшысы Рената Құдайбергенованың баяндамасы тыңдалды. Әр факультеттегі соңғы үш жылдық диссертациялық кеңес жұмысына толық тоқталып, жалпы қанша доктор PhD бітіргенін, жоспарда қанша студент қорғауы тиіс екендігі, артықшылықтары мен кемшіліктері де нақты айтылды. Диссертациялық кеңес құрамына Ғылым Ордасының Ғылыми зерттеу институттарынан маман шақыртуды және ағылшын тілінде қорғауға сұраныс артып жатқанын да ескерте кетті.

QS рейтингінде алға жылжу бойынша кафедралардың жол карталарына мониторинг жүргізу туралы стратегиялық даму орталығының директоры Гүлшат Минажеваның ақпары қаралды. Сарапшылар базасы, ғылыми зерттеу жұмыстары, оқытушы-профессорлық құрамның ғылыми мақалалар жариялау бойынша жалпы көрсеткіштері мен оқу-әдістемелік жұмыстар бойынша да кеңінен сараптамалық жұмыс қорытындысы көрсетілді.



Әрбір факультет, кафедраларға жеке тоқталып, жұмыс деңгейі мен атқарылған жұмыс жайында ақпарат берілді.

Сонымен қатар, ректорат мәжілісінде қалыптасқан дәстүр бойынша белсенді білім алушыларға шәкіртақыларды табыстау рәсімі өтті. «Korea Foundation» демеушілігімен ұсынылған шәкіртақыларды шығыстану факультетінің үздік студенттері Жандосова Әсел, Сермұхаметова Бағжан, Алина Анар, Дәукен Ғайни, Усманова Замира иеленді.

Шәкіртақыларды Қиыр Шығыс кафедрасының меңгерушісі Наталья Ем табыстады.

Рекреациялық география және туризм кафедрасының меңгерушісі Александр Артемьев туризм мамандығының ең үздік оқу озаттары атанған студенттер Қалиева Аида, Қырықбай Алтынай, Ғазизова Әлия мен Жанабаева Перизатқа арнайы шәкіртақы мен мақтау қағазын табыстады.

Еңлік АҚЖІГТ

МӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ ЖАҢА ТҮСІНІКТЕРІ

Корей Республикасы, Андонг қаласында орналасқан Андонг мемлекеттік университетінде 17-18 қаңтар аралығында «Мәдени құндылықтардың жаңа түсінігі және оны қолдану» атты халықаралық ғылыми конференциясын өткізді. Оған университет ғалымдары да қатысып қайтты.

Конференция барысында Жапония, Қытай, Монғолия және Қазақстаннан келген спикерлердің он екі баяндамасы тыңдалды. Баяндамалардың басты тақырыбы өз халқының немесе тұрғылықты жерінің мәдени мұрасына арналған. Университетіміздің атынан Қиыр Шығыс кафедрасының аға оқытушысы Татьяна Пак «Қазақстан жастарына кәрістердің дәстүрлі салт-дәстүрлерінің әсері» атты баяндамасы қатысушылардың қызығушылық тудырды.



Андонг ұлттық университетінің профессоры, мәдени зерттеу орталығының директоры Пе Ен Дон өз сөзінде бүгінгі күнге дейін педагогика тұрғысынан дәстүрлі салт-жоралар қаралған жоқ дегенді атап өтті. Профессор Пе Ен Дон мырзаның пікірінше бұл есеп мәдени құндылықтарды зерттеу жүйесіндегі жаңалық. Мәдениеттанушы, Андонг ұлттық университетінің профессоры Зон Ук, Сеул ұлттық университетінің профессоры Пя Зин Хи, Монғол ұлттық университетінің профессоры Шултемсурен, Қытай мемлекеттік университетінің профессоры Енбен Пак Кым Хе баяндаманы талқылауға белсене қатысты.

Қиыр Шығыс кафедрасы

QYSQA-NUSQA

Sáikestirmekshi bolǵan mátiNa voennoi kafedre KazNÝ imeni al-Farabi provedeno torjestvennoe meroprniatie v oznamenovanie dnia sozdannia institúta zamestitelei komandrov po vospitatelnoi i sosialno-pravovoi rabote Voorýjennyh Sil RK.

V meroprniatii primiali ýchastie veterany Voorýjennyh Sil – pervyi nachalnik ýpravleniia vospitatelnoi i sosialno pravovoi raboty MO RK polkovnik v otstavke Melis Shampiev, chlen Assamblei naroda Kazahstana polkovnik v otstavke Kazbek.Mamsýrov

Pochetnye gosti oznakomilis s ýchebno-materialnoi bazoi voennoi kafedry, Sentrom voenno-patrioticheskoi raboty i otmetili ih vysokii ýroven. V hode pokaza ýchebno-materialnoi bazy voennoi kafedry bylo provedeno otkrytie novoi áyditori po voennoi pedagogike i psihologii – «Sentra psihologicheskoi podderjki».

V torjestvennoi obstanovke pered veteranami Voorýjennyh Sil, kollektivom i stýdentami voennoi kafedry vystýpil nachalnik voennoi kafedry KazNÝ imeni al-Farabi polkovnik zapasa Oleg Ajimov, otmektivshii znachimost vospitatelnoi i ideologicheskoi raboty, neosenimýyú rol opyta veteranov v dele vospitaniia kazahstanskoi molodeji. Polkovnik Oleg Ajimov peredal vsem ýchastnikam meroprniatia pozdravleniia ot Predsedatelia Respýblikanskogo Soveta veteranov Voorýjennyh Sil generala armii Altynbaeva Mýhtara. V svoem vystýplenni polkovnik v otstavke Melis Shampiev rasskazal o istorii sozdannia i stanovleniia vospitatelnyh strýktyr nashei armii, otmetil bolshoi vklad ofiserov-prepodavatelei voennoi kafedry KazNÝ imeni al-Farabi v delo vospitaniia i obýchennia býdýshih zashitnikov Rodiny!

Takje vo vremia meroprniatia bylo organizovana vystavka literatýry posviashennaia 85-letiiú ýniversiteta.

Voennaia kafedra

Mehanika jáne matematika fakýlteti mehanika kafedrasynyú túlegi Seidýlla Beksultan akademik Sh. Esenov atyndaǵy ǵylymi-bilim berý qorynyú «Mamandar men magistranttargá arnalǵan álemniú eú úzdiik zerthanalarynda ǵylymi taǵylymdamadan ótyú baǵdarlamasy» baıqayúna qatysyp, 7000 dollar turatyn grantty utyp aldy.

Bul grant Beksultanǵa jazda Bostonǵa baryp, Amerika Qurama Shtattaryndaǵy jáne álemedgi eú bedeldi tehnikalyq oqý oryndarynyú biri Massachýsets tehnologiualyq institútynyú mediko-biologiualyq zerthanasynnda jazǵy taǵylymdamadan ótyúge múmkindik berdi.

Mehanika kafedrası

Filosofia jáne saiasattanyú fakýlteti jáne ýniversitettik tárбие departamentiniú uiymdastyryúymen dástúrlı qystyq seminar - trening ótti.

Seminar - treningte top ishilik shaǵyn toptardy anyqtaýda sosiometriia ádisin timdi paidalaný joldary qarastyrıldı. Atalmysh seminarǵa jańashyl ádis-tásildermen bólisip, oqytýshylar qaúymynyú deńgeii men zeiniiniú jańarýyna filosofia jáne saiasattanyú fakýlteti, pedagogika jáne bilim berý menedjmenty kafedrasynyú dosenti U.B. Tóleshova óz úlesin qosty. Qytaitanyú kafedranıú oqytýshylary Kýnbai J. jáne Asyl M. seminarǵa qatysty. Kýrator-edvaizerler qaúymy keler jyly da seminarǵa jańa kózqaraspın keletinin jetkizdi.

Filosofia jáne saiasattanyú fakýlteti



УНИВЕРСИТЕТ – БІЗДІҢ МАҚТАНЫШЫМЫЗ

Биыл университетіміздің 85 жылдық мерейтойы. Тарих беттеріне үілсек, осы білім ордасынан қаншама маман түлеп ұшып, мемлекетіміздің өркендеуіне, дамуына үлес қосты. Бүгінгі уақытта да сапалы маман дайындауда еліміздегі жетекші жоғары оқу орындарының көшін бастап тұр.



Ф.Б. Шакаев, С.С. Сартаев сияқты үлгілі ғалым ұстаздар біздерге дәріс берді. Солардан алған біліміміз мәңгілік мамандыққа баулыды. Әл-Фараби университеті Қазақстанның ең алдыңғы оқу орны. Көптеген ұстаздарды тәрбиелеп шығарды. Заң факультетін бітірген көрнекті заңгерлер қаншама. Олардың көбі мемлекетіміздің алдыңғы шебінде еңбек етуде. Тіпті КСРО кезінде ҚазМУ-ды бітірдік десе, бізге жақсы көз қараспен қарап баға берген. Университетті кезінде Өмірбек Жолдасбеков көп жылдар басқарып, дұрыс жолға қойып абыройын асқақтатып кетті. Ал академик Ғалым Мұтанов келгелі бері университет

құрылысы жанарды. Көптеген жатақхана, жаңа оқу корпусы салынды, ескілері жөнделді. Қазір осы университеттен білім алғысы келетіндер – қазақстандықтар көп. Оның өзі университет ұстаздарының адал еңбегінің бір көрінісі. Қазір дүние жүзінде 800 – озық университеттер болса, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті солардың ішінде 220-шы орында. Бұл біздің қазақстандықтардың зор мақтанышы.

Арықбай АҒЫБАЕВ,
заң ғылымдарының докторы, заң факультетінің профессоры,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

Білім, ғылым саласында небір айтулы алыптарды шығарған, өнегелі ұрпақ тәрбиелеудің үлгісін қалыптастырған бұрынғы С.М. Киров атындағы университет, бүгінгі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ашылуы қазақ топырағында айтулы оқиға болғаны мәлім.

Жетістікке толы 85 жыл

ену жөніндегі тапсырмасын орындау жолында жемісті еңбек етіп, нәтижесінде бүгінгі күні әлемнің ең үздік оқу орындарының арасында 220-орынға ие болды. ТМД мемлекеттерінде мұндай дәрежеге әзірге тек қана әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен Ломоносов атындағы ММУ ғана қол жеткізіп отыр. Мұндай жетістікке қол жеткізуде университет оқытушыларының еңбегі өте зор екенін атап айтуға болады. ҚазҰУ-дың 200 үздік университет қатарына ену мақсатында атқарылып жатқан жұмыстарының негізгі бағыттарына қысқаша тоқталайық.

Бүгінгі таңда университеттің оқу бағдарламаларының 90 пайызы халықаралық аккредитациялық агенттіктердің аккредитациясынан сәтті өтіп, бірнеше оқу бағдарламасы «EUR-ACE @ Label» еуропалық сапа белгісін иеленді. Сонымен қатар, қос диплом бойынша ҚазҰУ шетелдік жетекші оқу орындарымен 70-тен аса бағдарламаны жүзеге асырып отырған жалғыз университет.

Экономиканы жаңғырту және өндіріске мамандарды даярлауға бағытталған 4.0 мемлекеттік даму бағдарламасы аясында осы оқу жылының өзінде университетте «Е-коммерция», «Сандық лингвистика», «BIG DATA», «Жасанды интеллект», «Геоинформатика», «Интернет бұйым», «Биоинформатика» және т.б. жаңа білім бағдарламалары енгізілді. Сондай-ақ, АХҚО және Бен Халиф Университетімен (Катар) бірлесе ислам қаржысы және банкінг бойынша да бағдарламалар енгізілуде. ҚазҰУ-де ағылшын тілінде білім беру де кенінен қолдау тауып, бүгінде 162 мамандық ағылшын тілінде оқытылып жатыр. ҚазҰУ алдыңғы қатарлы тәжірибелер орталығына, инновация мен нақты өндірістің, білім мен ғылымның ортақ трансфертіне айналуға. ҚазҰУ-де Hewlett-Packard, Cisco, Konica Minolta, Fujitsu, Samsung, Alcatel, Microsoft, Huawei, SAP және т.б. әлемдік компаниялардың 16 ғылыми-білім беру орталықтары құрылған әрі сәтті жұмыс атқарып отыр. Сонымен қатар, жоғары технологиялық корпорациялар да университеттің зерттеу және білім беру жұмыстарына белсенділікпен араласуда.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ 2020 жылға дейін БҰҰ «Академиялық ықпал» бағдарламасының ғаламдық хабына жетекшілік ететін болды. Бұл шешім университеттің

тұрақты даму саласындағы табысты басшылық қызметінің қорытындысы негізінде қабылданды.

QS Агенттігінің 2018 жылы жүргізген дербес бағалау қорытындылары бойынша ҚазҰУ «QS Stars Development Road map» халықаралық рейтингісінің «Төрт жұлдыз» үстемдік белгісін Қазақстанда алғаш болып иеленген Орталық Азия аймағындағы тұңғыш университет.

0-ден 5 жұлдызға дейінгі QS рейтингісі жоғары оқу орындарының кең ауқымды қызметін белгілейтін және университеттердің жоғары халықаралық стандарттарға сәйкестігін анықтайтын 50-ден астам көрсеткіштерді кешенді талдау нәтижесінде анықталады.

ҚазҰУ-ға QS «Төрт жұлдыз» артықшылық белгісінің тағайындалуы университеттің жоғары халықаралық беделі мен жаһандық ғылыми және білім беру кеңістігінде көшбасшылық орынға ие екендігінің дәлелі. Артықшылық жұлдыздары университеттің мықты тұстарын көрсетеді және серіктестер мен оқуға түсем деушілерге жоғары оқу орнын таңдауға жәрдемдеседі.

ТМД елдерінде QS-тың төрт жұлдызы тек бес университетке берілгендігін атап өту қажет, олар – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ және Ресейдің төрт университеті. Елдің ертені студент жастарды заман талабына сай тәрбиелеу ісінің университетте өзіндік ерекшелігі бар. ҚазҰУ жастары өздерінің қызметтерін «Әлеуметтік серіктестік» ұстанымына сәйкес жүзеге асырады. Әлеуметтік серіктестік – университетті басқару жүйесіне қатысу үлесі мен жауапкершілік деңгейі нақты анықталған ынтымақтастық үлгісі.

Сапалы білім, ұлағатты тәрбие, болашағына сенім іздеген жаңа заманның жастарына қарашанырақта бар мүмкіндіктер бар.

85 жылдық тарихы бар, халықаралық кеңістікте ғылыми, академиялық, әлеуметтік қызметтері жоғары бағаланған ҚазҰУ- әлемдік деңгейдегі оқу ордасы.

Б. ЕРМЕКБАЕВА,
экономика және бизнес жоғары мектебінің профессоры м.а.,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

КҮНДЕЛІК

ТАРИХ БЕТТЕРІНЕ ШОЛУ

Жалғасы. Басы алдыңғы нөмірде

2015 ЖЫЛ

ҚАҢТАР

2015 жылдың қаңтарында ҚазҰУ әлемдік университеттер консорциумының мүшесі болды. ҚазҰУ – Орта Азиядағы ғаламдық білім беру қауымдастығының мүшесі атанған алғашқы және жалғыз университет.

ҚазҰУ ғалымдары Токиодағы халықаралық симпозиумға қатысты. Сапар барысында ҚазҰУ ректоры Ғалымқайыр Мұтанов пен Цукубо университетінің ректоры Нагато Кисуки арасында «кампусағы кампус» жобасы бойынша әріптестік жөніндегі меморандумға қол қойылды.

АҚПАН

ҚазҰУ-да Орталық Азияның инженерлік педагогикасы бойынша халықаралық қауымдастықтың орталығы ашылды. Оның негізгі қызметі инженерлік және жаратылыстану ғылымының мамандықтары педагогтарының біліктілігін арттыру болып табылады.

Осы айдың айтулы шарасы TURKSOY кафедрасының ашылуы болды. Кафедраның қызметі түркі халықтарының ғылымы мен білімін дамытуға, ғылыми-техникалық интеграциясы мен мәдени-гуманитарлық байланысын арттыруға бағытталған.

НАУРЫЗ

Наурыз айында әйелдердің халықаралық мерекесі күніне орай дәстүрлі түрде ҚазҰУ жігіттері ерекше гала-концерт ұйымдастырды.

«Студенттік көктем» дәстүрлі университеттік көркемөнерпаздар байқауы өтті. Ол Қазақстан халқы ассамблеясының 20 жылдығына, Ұлы Жеңістің 70 жылдығына және Қазақ хандығының 550 жылдығына арналды.

Үндістанда ҚазҰУ студенттері Наурыз мерекесіне орай ерекше концерт ұйымдастырды. Бұл елде Наурыз мерекесінің мұндай жоғары деңгейде өткізілуі алғаш рет болды.

СӘУІР

Сәуір айы ҚазҰУ ректоры, академик Ғалым Мұтановтың қатысуымен өткен «G-Global» жобасының баспасөз мәслихатымен басталды.

Алғаш рет ҚазҰУ ғалымдары берилілі шығару технологиясы бойынша АҚШ-тың екі патентіне ие болды. Бұл жоғары ғылыми-инновациялық әлеуетіміздің әлемдік деңгейдегі жетістігінің тағы бір дәлелі.

Еліміздің алдыңғы қатарлы жоғары оқу орны ҚазҰУ базасында «Samsung Electronics» орталығын ашу жөнінде меморандумға қол қойылды.

ҚазҰУ осы айда дәстүрлі түрде «Қош келдің, өз-Наурыз» атты мерекелік шараны дүркіретіп өткізді. Оған шетелдік қонақтар, ұстаздар, студенттер қатысып, достық аллеясына ағаш отырғызды, киіз үйдің ішкі-сыртқы безендірілуіне тәнті болып, қазақ дастарханынан дәм татты.

Айдың соңы еліміз үшін ең маңызды шара – ел Президенті сайлауын өткізумен есте қалды. Университетіміздің студенттері өз дауыстарын бірауыздан ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаевқа берді.

МАМЫР

ҚазҰУ-да Түлектер қауымдастығының президенті, ҚР Жоғарғы сотының төрағасы Қайрат Мәмидің қатысуымен кеңейтілген жиналысы өтті. Онда университет пен оның түлектері алдында тұрған мақсат-мүдделер сөз болып, Елбасы Н. Назарбаев ұсынған бес институционалды реформаны жүзеге асыру барысы талқыға салынды.

Университетімізде БҰҰ Бас хатшысының қоғамдық ақпараттық байланыстар жөніндегі орынбасары Кристина Галлах лекция оқыды. Ол аталған халықаралық беделді ұйымның жұмысы жөнінде әңгімелеп, БҰҰ бағдарламалары, тұрақты даму бойынша академиялық әсер етудің ғаламдық хабын басқарушы ҚазҰУ-дың белсенді жұмысын атап өтті.

МАУСЫМ

Маусым айында «Қазақ хандығы: тарих, теория және бүгінгі күн» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция болып өтті.

Жалғасы келесі бетте



АЛМА-МАТЕР 85 ЛЕТ

Дюсембин, М.Х. Шигаева, В.П. Митрофанов, С.Т. Нургазин, М.Ф. Авазбакиева, Н.Л. Удольская, В.С. Корнилова, В.И. Фурсов, В.В. Шевченко, Б.А. Домбровский, Р.И. Берсимбаев, И.Р. Рахимбаев и многие другие.

У старшего поколения профессуры университета мы с большой благодарностью отмечаем наличие высокой гуманности, благородства, искреннего желания помочь молодым в овладении основами науки, привитии навыков самостоятельной работы. Названные выше ученые, представители подлинной научной интеллигенции, как и многие их сверстники и последователи, высоко несли знамя нашего университета.

Наш университет по праву может гордиться своими выпускниками. Среди них немало выдающихся ученых, государственных и общественных деятелей, ныне работающих в составе Парламента, Правительства и в Президентском аппарате. В одной статье невозможно их перечислить.

КазНУ им. аль-Фараби имеет огромную и богатую историю, традиции, большой опыт организации научной и учебно-воспитательной работы. Этот опыт – бесценный вклад в сокровищницу высшего образования, науки и культуры Республики Казахстан. Следует отметить, что на всем протяжении своего становления и развития, в университете во главу угла ставилась задача фундаментального образования и подготовки высококвалифицированных научных кадров. Выпускники были нацелены на передовую научную, педагогическую и общественную деятельность.

Сегодня КазНУ является самым лучшим вузом независимого Казахстана. Огромный прорыв в своем развитии университет совершил в последние годы под руководством менеджера международного уровня, великодушного организатора, ректора, академика Галыма Мутанова. Сегодня многотысячный коллектив университета работает как единый

организм и добивается мировых успехов. В авторитетном рейтинге QS КазНУ вошел в топ-220 лучших вузов мира и удостоен знака «4 звезды» превосходства. Университет является единственным вузом в СНГ и Центральной Азии, который проводил полную оценку качества всех образовательных программ бакалавриата, магистратуры и докторантуры на соответствие Европейским стандартам высшего образования и получил международную аккредитацию таких передовых и признанных аккредитационных агентств Европы, как ASIIN, AQUIN, AQA и FIAA. Университет сотрудничает с более 400 ведущими вузами мира и реализует совместные международные программы обучения, двойного диплома, обмена студентами и проведения научных стажировок.

Имея 85-летнюю историю, университет сегодня обладает новыми учебными и научными корпусами, технологическим парком, уникальной библиотекой и Центром обслуживания студентов «Керемет». Набольшой территории кампуса создан центр «зеленых технологий» для реализации инновационных проектов по «зеленой энергетике». Все эти и многие другие факты свидетельствуют о том, что в КазНУ созданы все условия для обучения, работы, исследований и отдыха.

КазНУ им. аль-Фараби, отмечая свое славное восьмидесятилетие, будет и впредь занимать свое авангардное место в подготовке компетентных, высококвалифицированных и конкурентоспособных кадров в интересах процветания нашего родного государства.

Весь коллектив университета поздравляю с 85-летием и желаю новых высот и достижения всех намеченных целей.

Султан ТУЛЕУХАНОВ,
д.б.н., профессор, заведующий кафедрой биофизики и биомедицины факультета биологии и биотехнологии

Впервые в истории казахского народа 15 января 1934 года открылся государственный университет, ставший впоследствии лучшим вузом Казахстана. Заслуги КазНУ им. аль-Фараби в подготовке высококвалифицированных и конкурентоспособных кадров общеизвестны.

Из стен университета вышли сотни тысяч высококлассных специалистов, ученых, государственных и общественных деятелей, профессиональных преподавателей для высших и средних учебных заведений. Профессорско-исследовательский состав вуза в первые годы становления и развития формировался учеными из Российской Федерации (Москва, Ленинград, Казань и др.).

Будучи студентом, аспирантом и сотрудником факультета биологии и биотехнологии университета, мне довелось встречаться и быть знакомым по совместной работе со многими выдающимися учеными, работавшими в разное время на факультетах университета. Среди них добрую память оставили о себе известные ученые Т.Б. Дарканбаев, Г.З. Бияшев, Т.М. Масенов, К.Д.

Қазіргідей білімнің қадірі барынша артқан, ақпаратты технологиялар заманында елімізде жоғары білім берумен айналысатын мекемелер аз емес – бұл, әрине заңды құбылыс. Алайда сол толып жатқан оқу орындарының бәрі бірдей замана талабына толық жауап береді деп айту қиын.

Жоғарғы оқу орындарының ішіндегі шоктығы биік, дара университет – үстіміздегі жылы 85-жылдық мерейтойын атап өткелі отырған, көнекөз университет – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті болып табылады. Бұл университет өзінің ұзақ ғұмырында қалыптасқан байыпты да байсалды тәжірибесімен ерекшеленетін дәстүрлі оқу орны ғана емес, сондай-ақ замана талабына дер кезінде жауап беруші, білім берудің жана технологияларын бірінші болып игеруші, жаңашыл университет. Бұл бағытта университетте соңғы жылдары Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың тапсырмасын іске асыруда көп жұмыстар атқарылуда.

Қазақстандық университеттердің ішінде алғаш рет – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ әлемдегі 800 ең үздік университеттер арасында 220 орынға ие болып, QS «World University Rankings» халықаралық рейтингінде тағы 16 орынға алға шықты. Бұл топқа посткөнектік кеністіктен тек екі университет кіреді: ҚазҰУ және Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті (РФ). ҚазҰУ-дың осы рейтингте табысты ілгерілеуінің маңызды факторы кең аудымды құрылымдық модернизация, нәтижеге бағытталған басқарудың жоғары тиімділігі, сондай-ақ соңғы бес жыл ішінде 40 пайызға өскен бірегей инфрақұрылымның қарқынды дамуы болып табылады.

Университеттің білім беру сапасын арттыру және халықаралық рейтингісін көтеру бағытындағы іс-шараларға тарих, археология және этнология факультеті де өз үлесін қосуда. Жалпы, факультетте «Тарих», «Археология» және «Этнология», «Мұражайтану және ескерткіштерді қорғау», «Мұрағаттану, құжаттану және құжаттармен қамтамасыз ету», «Кітапхана ісі» сияқты негізгі мамандықтарымен бірге, үстіміздегі оқу жылында «Тарих және география», «Басқаруды құжаттамамен

КӨШБАСШЫ УНИВЕРСИТЕТ



камтамасыз ету және архивтердегі ақпараттық технологиялар» және басқа да бірқатар қоғамда сұранысқа ие болып отырған жана мамандықтар бойынша оқу бағдарламалары жасалып, оқу үдерісіне енгізілді. Аталмыш мамандықтар бойынша білім беру факультеттің үш кафедрасы – «Қазақстан тарихы», «Дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану», «Археология және этнология» кафедраларының базасында жүзеге асырылады.

Факультет бірқатар жылдардан бері Болония үдерісі елдерімен белсенді әріптестік қызметін жалғастырып келеді. Соның ішінде білім беру ісін интернационализациялау бағытындағы іс-шараларға Дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасы да өз үлесін қосуда. Осы бағыттағы аса маңызды жетістіктің бірі – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен әлемнің белгілі университеттері – Ресей Мемлекеттік гуманитарлы университеті және Италияның Ла-Сапиенза университеттерімен қосдипломдық білім беру бағдарламасы бойынша мамандар дайындау туралы келісімнің жасалуы болып табылады. Үстіміздегі жылы аталмыш келісімдер іс жүзіне асырылып, қос дипломды мамандар дайындау ісі басталып та кетті.

Мұндай табыстар университетіміздің

әрбір факультетінде, әрбір кафедрасында бар десек артық айтқан болмаймыз. Ұлттық университеттегі соңғы жылдары қол жеткізілген осы жетістіктердің барлығы да университет түлектерінің әлемдік нарықтағы бәсекеге қабілеттігін еселеп арттырып отыр.

Қазіргі таңда Елбасы Қазақстанның жоғарғы оқу орындарына әлемдегі ең үздік 200 ЖОО қатарына кіру міндетін қойып отыр. ҚазҰУ әлемдік кеністікте мойындалған еліміздің жетекші университеті ретінде осы маңызды мемлекеттік тапсырманы іске асыруда мақсатты жұмыс атқаруда. Біздің университеттің жақын болашақта бұл белесті бағындыруға ғылыми, оқу-методикалық және кадрлық потенциалы толық жететіндігіне біз – осы университеттің оқытушы-профессорлар құрамы толық сенімдіміз.

Жасай бер ҚазҰУ – еліміздің білім беру саласының көшбасшысы!

Е. ҚАРТАБАЕВА,
дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының доценті, т.ғ.к.

КҮНДЕЛІК ТАРИХ БЕТТЕРІНЕ ШОЛУ

Жалғасы. Басы 3-бетте

«Жібек жолы түйелері: тұрақты дамудағы камелидтерді зерттеу» атты IV халықаралық ISOCARD конференциясы әлемнің 35 елінен 300-ден аса қатысушының басын қосты.

ҚазҰУ «Alcatel-Lucent Enterprise» (Франция) компаниясымен IT-технология саласындағы бірлескен жобаларды ұйымдастыру туралы келісімге қол қойды.

ШІЛДЕ

Шілде айының басты оқиғаларының бірі «Қазақ университеті» баспасынан «Өнегелі өмір» сериясымен Қазақстан Республикасының Президенті – Ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа арналған кітап жарыққа шықты.

Айта кетерлік жәйт, Қазақстанның ұлттық құрамындағы спортшылар жалпы 6 алтын иеленсе, соның 5-ін ҚазҰУ студенттері алды. Кванджуда (Оңт. Корея) өткен Халықаралық Универсиадада ҚазҰУ студенттері шеберліктің жоғары деңгейін көрсетті.

ТАМЫЗ

ҚазҰУ Клинтонның жаһандық бастамасы мен «Clinton Global Initiative University» университеттер жүйесіне мүше болды.

Университеттің әскери кафедрасында 350-ден аса курсант салтанатты түрде Отан алдында адал болуға ант қабылдады.

ҚазҰУ Республиканың көпсалалы жоғарғы оқу орындарының ұлттық рейтингінде көш бастады.

ҚЫРКҮЙЕК

Қүздің алғашқы айы Н.Назарбаевтың ҚХР жасаған сапары нәтижесінде жағымды жаңалықпен басталды. ҚазҰУ Қытай Үкіметінің гранты бойынша 10 млн. доллардың суперкомпьютерін алатын болды.

QS (Ұлыбритания) халықаралық рейтинг агенттігінің жариялаған зерттеу қорытындысы болды. ҚазҰУ тағы да алға жылжып, әлемдегі үздік 800 университет арасында 275-ші орынды иеленіп, ең үздік 300 университет қатарына қосылды.

ҚазҰУ-де Еуропалық жоғары білім беру жәрмеңкесі есігін айқара ашты. Іс-шараға Еуропалық Одақтың 24 елінен 80 жоғарғы оқу орны мен білім беру ұйымдарының өкілдері қатысты.

Орта Азияда алғаш рет «Samsung» инновациялық академиясы» ҚазҰУ-да өз есігін ашты.

Еліміздегі алғашқы Жас ғалымдар үйі ҚазҰУ-да ашылып, қолданысқа берілді.

ҚАЗАН

ҚазҰУ делегациясы Флоренцияда (Италия) инженерлік білім беру бойынша өткен Халықаралық форумға қатысты.

ҚазҰУ ректоры Ғ. Мұтанов Халықаралық инженерлік педагогика саласындағы IGIP қоғамының «Senior Member» атты жоғарғы дәрежелі марапатына ие болды.

ҚазҰУ-да «ЭКСПО-2017» – адами капиталдың тұрақты даму медиаалаңы» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өтті.

ҚазҰУ негізінде бірінші рет Халықаралық «Болашақ» стипендиясының тіл мектебі ашылды.

ҚАРАША

Бұл айдың айтулы оқиғаларының бірі ғарышкер Айдын Айымбетовтың ҚазҰУ ұжымымен кездесуі өтті. ҚазҰУ ғалымдары дайындаған «Кулонов плазмалық кристаллы» жобасы қазақстандық ғарышкердің үшу бағдарламасына енген болатын.

ҚР Тұңғыш Президенті күніне арналған «Мен жастарға сенемін!» патриоттық фестивалінің гала – форумы жоғарғы дәрежеде өтті.

ЖЕЛТОҚСАН

ҚазҰУ-да «ТЕМПУС QUEECA» Еуропалық одақтың «Орталық Азиядағы инженерлік білім сапасы» бағдарламасы аясында Орталық Азиядағы инженерлік қоғам федерациясының бірінші халықаралық кеңесі өтті.

ҚазҰУ ұжымы - Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 24 жылдығы мерекесін салтанатты түрде өтті.

Өткен жылдың атаулы оқиғаларының бірі Президент Н.Назарбаевтың Жарлығымен ҚазҰУ ғалымдарына ғылым мен техника саласындағы әл-Фараби сыйақысы тағайындалды.

Жалғасы келесі нөмірде

ҚазҰУ-дың «Sanaly Ugraq» жобалық кеңсесінің алаңында сыбайлас жемқорлыққа қарсы технологияларды бағалайтын тәуекелдер картасының электрондық платформасы таныстырылды

ҚАЗҰУ-ДА ФИЛОСОФТАР БАС ҚОСТЫ

Әл-Фараби атындағы кітапханада философия ғылымдарының докторы, профессор Г. Нұрышеваның 60 жылдығына арналған «Ұлы даланың жеті қыры және қазақ философиясының өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті.



шығармашылық жолын арнаған. Қазақ философиясының әлемінде әлі игерілмеген тақырып көп. Көптеген терминдерді реттеуіміз керек. Оған өзінше тірек болар дүниежүзілік мектептер көп. Неміс, орыс, қытай философиялық мектептері де бізге үлгі болады. Бірақ біз өз жолымызды табуымыз керек. Біз жаңа әліппемізді табуымыз керек. Барлығымыз жиналып ұғынықты терминдік базамызды жасап алуымыз қажет. Олар оқулыққа да енеді, оқу процесінде де жүреді, әрі қарай қоғамымыздың философиялық келбетін анықтайды. Сондықтан осы іске үлесін қосып жүрген Гүлжиһан Жұмабайқызының бірнеше еңбектеріне кезінде рецензия жазғанбыз. Оның стилін, ойлау тереңдігін, бағыт-бағдарын да білемін. Ең бірінші тұлғалық сапасын ерекше айтқым келеді. Әр адамның өзіндік тұлғалық деңгейі бар», – деп мерейтой иесінің философиядағы орнын айшықтап өтті.

Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінен арнайы келген ғалым, ұстаз Гүлнар Адаева: «Университет ректоры

құттықтауын жеткізді. Ұстазы жақсының – ұстамы жақсы. Дүниенің сырын ашуға, өмірдің қыр-сырын меңгеріп, ұзақ жылдар бойы білім-ғылым саласында, оның ішінде қазақ ұлтының философиясын зерттеп жүрген ғалым ретінде білеміз. Шәкірт дайындап, мемлекетке қызмет жасаудасыз. Сіздің терең біліміңіз бен біліктілігіңіз, өмірлік тәжірибеніз әлі де қазақ елінің өркендеуіне қажет деп санаймыз. Қадірлі Г. Жұмабайқызы, даналықтың төрінен алған шағыңызда өзіңізге және отбасыңызға денсаулық, ұзақ ғұмыр, ырыс пен ынтымақ, бақыт пен береке тілейміз», – деп өз университетінің ректоры Ерлан Сыдықовтың ақ тілегін жеткізді.

Сондай-ақ, талай жыл бірге қызметтес болған Қазақстан-Британ техникалық университеті, филология ғылымдарының докторы, профессор Жанар Дәулетбекова да құттықтап келді. Ол өз сөзінде: «Болар ел өзінің барын бағалап, бақытын аялайды. Бүгін ҚазҰУ-дың қабырғасында өзінің үлкен еңбегі сіңген, ғалым, қайраткер қызын осылай ардақтап жатқаны, үлкен тағылымды дәстүр деп білеміз. Өзі еңбек еткен Қазақстан-Британ техникалық университеті ректоры және ұжымның атынан құттықтаймыз. Біздің барлығымыздың айтар сөзіміз, тілегіміз бір жерде тоғысады. Шын мәнінде Г. Жұмабайқызы «Қазақ қызының эталоны» деген құрметке лайық. Оған бірге қанаттаса еңбек еткен жылдарымыз кәуә.

Г. Нұрышеваның туған жерінен Атырау мемлекеттік университетінің профессоры Өмірбек Бекежан мырза арнайы келіп, Атырау мемлекеттік университеті ректоры Абзал Ахатұлының құттықтауын жеткізді. «Бұл кісінің қазақ философиясының дамуына қосқан үлесі орасан зор. Тіпті, әлемдік философияның

қазақ тілінде аударылуына да біршама еңбек етті. Мерейтойға Г.Жұмабайқызының өз еңбек жолын бастаған университет атынан ыстық ықласымызды жеткізгіміз келеді. Білім-ғылым саласын дамытуда сіңірген белсенді қызметіңіз, озық ойлайтын кемел қабілетіңіз, бойыңыздағы парасаттылық, адамгершілік, ізденімпаздық қасиетіңіз жастарға қашан да үлгі. Осы қалпыңыздан әлі биік асуларға асып, мерейіңіз таси берсін», – деп ақ тілек білдірген.

Сондай-ақ, конференцияға елімізге белгілі атақты философтар, ғалымдар, студент, магистрант, докторанттар қатысты. Ал шәкірттері ұстазына ерекше фильм әзірлеп, өлең шығарып, мерейтой иесінің суреті салынған картинаны тарту етті.

Мерейтой иесіне жіберілген құттықтау хаттары еліміз бен шет мемлекеттен көптеп жолданған. Олардың бірқатарын философия кафедрасы меңгерушісінің ғылыми-инновациялық және халықаралық қатынастар бойынша орынбасары, филос.ғ.к., доцент м.а. Әлия Рамазанова оқып берді. Конференция «Ұлы даланың жеті қыры және қазақ философиясы мен мәдениетін зерттеудің өзекті мәселелері», «Ұлт тарихындағы кеністік пен уақыт және түркі әлемінің генезисі», «Ұлы даланың ұлы есімдері», «Рухани жаңғыру» және қазіргі заманғы гуманитарлық ғылымдардың маңызды мәселелері» тақырыптары бойынша секциялық жұмыстар талқыланды. Алдағы уақытта конференцияға қатысушы ғалымдар мен жас ғалымдардың ғылыми мақалалары арнайы жинақ ретінде жарық көреді.

Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ,
философия кафедрасының
2-курс докторанты

Ақпараттық технологиялар факультетінің әдістемелік бюросы ұйымдастыруымен дәстүрлі «Жас оқытушылар мектебінің» семинары өтті.

Жарқын елдің шамшырағы

қауымына қойған сұрақтарынан айқын байқалып тұрды. Әсіресе т.ғ.д., профессор Б.Бөрібаев «Студенттерге өзіндік жұмыс құру және өткізу туралы», т.ғ.к., доцент Т.Велямов «Жұмыс берушілердің қызығушылығын ескере отырып оқу процесін ұйымдастыру», п.ғ.к., доцент Л. Рахимжанова «Оқытудың белсенді әдістері» тақырыбындағы баяндамалары жоғары деңгейде оқылды.

Семинардың басты мақсаты — жас мамандардың Елбасының «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласының мәнін терең түсіндіріп, олардың біліктілігін арттырып,

педагогикалық шеберлігін шыңдау арқылы өз мамандығына деген сүйіспеншілігін ояту және оларды ынталандыру және шәкірттердің оқуға деген ынтасын арттырып, оқыту мен тәрбиелеу, дамыту салалары бойынша теориялық және әдістемелік көмек ұйымдастыру, ізденіске жетелеу, талапты азамат етіп тәрбиелеуге бейімдеу. Сондай-ақ ұстаз деген ұлы есімге лайық болу мақсатында жас мамандармен өтетін отырыстарда баяндамалар жасатып, заман талабына сай оқытудың қандай тиімді тәсілдерін қолдану керектігін үйрету. Семинарға қатысқан оқытушылар осы семинардан

алған тәлім-тәжірибелері өздерінің сабақ өту барысында үлкен көмегін тигізетінін айтып, баяндамашыларға үлкен алғыстарын білдірді.

Жас мамандардың біліктілігін арттырып, мықты маман болып қалуып тасуына факультет деканы мен әдістемелік бюро мүшелерінің ықпалы зор. Бүгінгі жас маман — ертенгі ұлағатты ұстаздардың орнын басатын білікті кадр болмақ.

Ф. ГУСМАНОВА,
С. ӘДІЛЖАНОВА,

информатика кафедрасының оқытушылары

Малазийская консалтинговая компания «Amalie Advisors» и международный финансовый Центр «Астана» на базе КазНУ проведут тренинги по исламскому банкингу для студентов и преподавателей

Когда на международной конференции собираются видные ученые, всегда есть возможность завести полезные контакты, быть может, с ними начнется коллаборация, которая приведет к будущему успеху в научной деятельности.

Интервью из Цюриха



уклоном на тюркские народы.

— **Чем Вам интересна Центральная Азия, что послужило причиной ее исследования?**

— Центральная Азия завораживала меня еще с детства. Я даже точно не знаю, когда и почему. У меня не было конкретного региона и конкретной темы для исследования. Впервые она пришла ко мне, когда я посетил Монголию. Я почувствовал это, как только очутился в степи. С тех пор это чувство притяжения и восхищения не оставляет меня.

— **Как долго Вы сотрудничаете с КазНУ и какие впечатления о факультете и кафедре религиоведения и культурологии?**

— Знаю этот университет уже более 20 лет. Я начал работать, прежде всего, с историками и институтом этнографии и

археологии. С кафедрой религиоведения и культурологии работаю с 2011 года. С тех пор мы организовывали много встреч, я преподавал на кафедре и являлся руководителем казахстанских докторантов. Кроме того, здесь в Цюрихе, под моим руководством учатся три докторанта, которые закончили магистратуру факультета философии и политологии КазНУ. Однозначно, это один из ведущих факультетов в данной области в Казахстане. Прежде всего, это прекрасное поколение молодых ученых, с которыми мы охотно сотрудничаем. К сожалению, в Казахстане еще нет той антропологической науки, которую исследуем мы, что значительно могло бы упростить взаимовыгодное сотрудничество.

— **Какие трудности центральноазиатских ученых оказали на Вас влияние?**

— В первую очередь это Шокан Уалиханов. Также казахские интеллектуалы начала XX века, например, Ахмет Байтурсынов. Но и сегодня есть много новых исследований молодых ученых, которые я нахожу очень интересными.

— **На ваш взгляд, каково предназначение антропологии и культурологии в современном обществе?**

— Я думаю, что антропология очень важна, потому что она исследует повседневную жизнь человека, живущего в мире постоянных изменений. Что думают об этом люди? Каким они видят свое будущее? Чего они ожидают? Что они делают и как они коммуницируют между собой? Это все вопросы, которые определяют дальнейшее развитие страны.

Одновременно антропология проливает свет на развитие глобальных взаимосвязей и взаимозависимостей, которые также становятся все более важными.

— **Что бы Вы пожелали будущим этнографам, антропологам и культурологам, обучающимся в КазНУ им. аль-Фараби?**

— Очень важно интернационализироваться. И чем раньше, тем лучше. В первую очередь, это владение иностранными языками, прежде всего английским, благодаря которому студентам откроется доступ к научной литературе. Также, это главное требование для стажировки за границей. Знание английского языка даст обучающимся возможность принимать участие в дебатах и вести диалог по актуальным темам.

— **Какие у Вас планы на будущее связанные с нашей страной?**

— Я начал исследовать казахов в Монголии с 1991 года. С того времени также исследую судьбы тех оралманов, которые вернулись на свою историческую родину. На данный момент у меня есть большой проект, который связан с экономическим и социальным развитием Южного Казахстана, а именно Жетісу. Этой темой намерен заниматься следующие два года. К тому же меня интересует все, что происходит в Казахстане и я всегда рад учиться чему-то новому у своих коллег, студентов и докторантов.

— **Спасибо за интервью.**

Динара САПАРОВА,
докторант II-го курса
специальности «Культурология»

КазНУ им. аль-Фараби на протяжении 85 лет славится широким спектром подготовки специалистов. 16 факультетов нашего университета с радостью готовы распахнуть двери для амбициозных абитуриентов. Но мало кто знает, что среди всего перечня специальностей есть одна, чье значение порой недооценивается.

«I dream to be a social WORKER»

сфере бизнес администрирования и финансов, задумалась о важности своей деятельности. По рассказам Гульнары, в один день, обсуждая деловые вопросы со своей коллегой в сфере юриспруденции, она задала ей вопрос «Кем она мечтает быть?». На что коллега ей ответила: «I dream to be a social worker!». Мысли коллеги заставили ее взглянуть на социальную работу другими глазами. Именно тот момент и стал первым шагом на пути становления социальным работником.

Поменяв свою сферу деятельности буквально на 180 градусов, Гульнара оказалась в Нью-Йорке в одном из самых престижных вузов мира. Затронув тему отличия социальных работников Казахстана и зарубежья, она отметила, что в США они должны пройти национальное лицензирование, чтобы работать на практике. Делают это в каждом штате, но все виды лицензирования требуют прохождения национального тестирования (экзамена), которое составляется Национальной Ассоциацией советов соцработников. Также ею было подчеркнuto, что в Казахстане очень важный пласт работы в системе здравоохранения должен включать и деятельность соцработников. Поэтому нужна современная система их подготовки,

сертификации и непрерывного обучения и, конечно, поддержки.

Поделившись своим видением социальной работы, Гульнара зарядила студентов на позитивный настрой. Посвятить свою жизнь социальной работе или нет — это выбор каждого. Но тот факт, что ваше мировосприятие может измениться, неоспорим. Социальная работа — это, прежде всего, не профессия, а искренняя инициатива помочь незащищенным гражданам нашего общества. Помимо этого студентами четвертого курса были развеяны пять мифов о социальной работе. Таким образом организаторы мероприятия хотели поднять мотивировать их на активную работу в социальной сфере, будь-то научные проекты, волонтерство или профессиональная деятельность. Никогда не поздно изменить свою профессиональную стезю, зная, что это небольшое личностное изменение внесет свою позитивную и важную лепту в жизнь общества.

Жулдыз БАЙБАТЫРОВА,
студентка 4 курса специальности
«Социальная работа»



Социальная работа! Это профессиональная деятельность, направленная на содействие людям, социальным группам в преодолении личностных и иных трудностей посредством поддержки, защиты, коррекции и реабилитации. Важно отметить, что уровень востребованности данной профессии в разных странах отличается. В развитых — социальные работники выступают проводниками между властью и простыми людьми. Они помогают в разрешении социальных проблем,

применяя свои знания в сфере права, психологии и здравоохранения, тем или иным незащищенным категориям населения — мигрантам, инвалидам, людям с наркотической или алкогольной зависимостью и так далее.

Сравнить подходы и обсудить важность социальной работы удалось студентам на встрече с практикующей социальной работницей, выпускницей Колумбийского Университета Гульнарой Жакуповой. Она, будучи специалистом в

Вашингтон мемлекеттік университетінің профессоры Марина Толмачева ҚазҰУ-дың магистранттарына дәріс оқып, Әл-Фараби атындағы кітапханаға құнды кітаптарды тарту етті

Қазіргі таңда арнайы бағдарламалармен қазақ жастары шетелге оқуға кетіп жатыр. Мемлекеттің қолдауымен ш кіртақы алу, студенттер үйіне орналасуы да ескеріледі. Тіл білмесеңіз, бір жыл қосымша сол мемлекетте тіл үйреніп, оқуды жалғастыруға болады. Бәрі қолжетімді. Ал Ыстамбұл университетінің 4-курс студенті Гамзе Нұрналбант Түркиядан Қазақтанға «Мевлана» бағдарламасы арқылы келген. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Түркология мамандығы бойынша оқуын жалғастырып жатыр. Жазда Гамзе Түркиядан маман болғанын растайтын диплом алады. Студенттік өмірінің нүктесін Қазақстанда аяқтайтынына қарағанда, Гамзе біздің елімізді өз Отанынан кем жақсы көрмейді.

Жеті айда қазақ тілін меңгерген

бізді ерекше рухтандырып өсірген. Отбасым білімге құмар. Осындай тарихи қалаларда туып-өскенім үшін де тарихты жақсы көремін. Университетке дейін Бұрсада оқыдым. Сосын Ыстамбұлға оқуға түстім.

– Қазақ тіліне махаббат қалай оянды?

– Ағам кішкентай кезімде дүниежүзі картасын үйрететін. «Бұлар бізбен бауырлас ел», – деп түркі мемлекеттерін көрсететін. Мектепте де, лицейде де ең жақсы көрген сабақтарым түрік тілі және тарихы еді. 11 жасымда Twitter-ден Әзербайжандармен сөйлесе бастаған соң түркі тілдес елдерге саяхаттағым келді. Түркі мәдениетін жақсы көргендіктен «Түркітану» мамандығын таңдадым. Осы мамандықта оқу арманым еді. Лицейде оқып жүргенде түркі тілдеріндегі әндерді тындап, қазақ тілін үйренуге ынтам оянды. Ол кезде Ғалымжан Жолдасбай бір бейнебаянын Түркиядан түсіріп жатқан. Бейнебаянды тамашалаған соң Қазақстанды көруді қатты армандадым. Кішкентай кезімнен түркітілдес мемлекеттерде болу, соның ішінде Қазақстанды көру арманым ғана емес, болашақтағы мақсатыма айналды. Өйткені біз бауырмыз. Алыста болсақ та таным-түсінігіміз ұқсас.

– Қазақстанға алғаш қалай келдің?

– Ыстамбұл университетінде үш жыл оқыдым. 2017 жылдың жазында Қазақстанда бір ай болдым. Сол кезде қазақ тілін үйренуді бастадым. Бірінші рет келгенде жеті бірдей қаланы араладым. Астанаға барып, ЕХРО қалашығын көрдім. Қызылордадағы Қорқыт ата кесенесінде болып, қобыздың, әсіресе күйдің құдыретін сезіндім. Тараздағы Айша Бибі мен Қараханның кесенесі қаланың көркі ғана емес, тұмарындай тарихи жәдігер екен. Киелі Түркістан қаласындағы Қожа-Ахмет Яссауи кесенесін, Отырардағы Арыстан баб пен әл-Фараби кітапханасындағы тарихи жәдігерлерді көргенімде танданысымда шек болмады. Оған қоса, Кентау мен Шымкентке бардым. Алматыны алақандай етіп көрсеткен Көктөбеде болғанымда, бұл қалаға ғашық болып қалдым. Түркияға оралған соң



Қазақстанға тағы да келгім келді. Жеті айда қазақ тілін меңгеріп шықтым. Қазақ тілінде емтихандарды тапсырып, бакалаврдың соңғы курсына Қазақстанда оқимын деп шешім қабылдадым. Бұл әрекетіме өкінбеймін, қайта күн сайын Қазақстанға махаббатым артып келеді. Алматы – ерекше қала.

– Оқуға тапсыру кезінде қандай қиындықтар болды?

– Қиындықсыз ештеңе болмайды ғой. Құжаттарды жинау, түгендеу қиын болды.

Алдымен Түркияды университет рұқсат қағазын біраз кешіктірді. Сөйтіп тамыздың соңына қарай алған ұшақ билетін қыркүйекке ауыстырдым. Сабаққа кешігіп келіп, оқу бағдарламасына үлгермей қаламын ба деп қорықтым. Мына жаққа келген соң уақытша тіркелу, университеттегі келісімшарт қағаздарын жинауға міндеттісің. Алайда Қазақстанға деген махаббатым көңіл-күйімді түсірмеді. Қазіргі таңда бәрі жақсы, қуаныштымын. Университеттегі оқытушыларым да білімді, мейірімді. Көшеде кетіп бара жатып жол сұрасам, бәрі алдымен танырқай қарап, түрік тілін білетіндер түрікше сөйлесіп, көмектеседі. Болашақта

магистратураны қазақ тілін зерттеуге арнағым келеді.

– Оған қоса, домбыра да тартасын...

– «Нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра» деген жақсы сөз бар. Домбыра шеруді Түркияды арнайы үйірмеге барып үйрендім. Кәсіби тұрғыда ойнай алмасам да, бірнеше күй мен әнді орындаймын. Әрине, қателесетін немесе ұмытып қалатын тұстарым болады. Оған кешіріммен қарауға болатын шығар. Мен әлі үйренушімін. Қазақстанмен ата жұртымыз, тарихымыз, мәдениетіміз, ата-бабаларымыз бір. Тіліміз ұқсайды. Қазақ халқы өте бауырмал, мейірімді. Қазақстанға келгеннен бері өзімді өзге ұлттың өкіліңдей бөтен сезінбеймін. Түркия ғана емес, болашақта Қазақстанның дамуына да үлесімді қосқым келеді.

– Әңгімеңе рақмет! Сәттілік тілейміз.

Назым САПАРОВА,
филология және
әлем тілдері факультетінің
2-курс студенті.

Материал «Ұлан» балалар мен жасөспірімдерге арналған республикалық газетінен алынды.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында тарихи сананы жаңғырту үшін тың ұсыныстарды айтты. Аталған мақаланы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің, тарих, археология және этнология факультеті, «Кітапхана ісі» мамандығының 2-курс студенттері ұстаздарымен талқылап, өз пікірлерін ортаға салды.

ҮЛКЕН ҚАЗЫНА ОРДАСЫ



түбегейлі қолдайтындарын жеткізді.

Тасын тұртсең тарихы сөйлейтін даламыздан Алтын адам табылып, Ұлы Жібек жолы жүріп өткен алтын етек Алтайдың Түркі әлемінің алтын бесігі атануы заңдылық. Еліміздің

әлі де болса, ғылыми айналымға түскен жок. Олар әлемнің бүкіл мұрағаттарында өз іздеушісі мен зерттеушісін күтіп жатқандай. Сондықтан ежелгі дүірден қазіргі заманға дейінгі кезенді қамтитын барлық отандық және шетелдік мұрағаттар дүниесіне елеулі іргелі зерттеулер жүргізу үшін «Архив-2025» жеті жылдық бағдарламасын жасауымыз дұрыс, әрі ең оңтайлы шешім. Бұл жоба жүзеге асырылса еліміздің тарихына бүкіл шет мемлекеттер танданыспен қарап еді. Қай жағынан қарасақ та, бұл маңызды жұмыс. Сол үшін мұрағат деректерін тек қана жинақтап қоймай, барлық мүдделі зерттеушілер мен қалың жұртшылыққа қолжетімді, цифрлық форматқа көшіру қажет.

Б.АСАНОВА,

т.ғ.к., дүниежүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының аға оқытушысы;

А. ДАЙЫНОВА,

«Кітапхана ісі» мамандығының 2-курс студенті

тарихи жылнамасындағы ақтандақтарды қайта қалпына келтіруге жол ашқан «Мәдени мұра» бағдарламасы табысты іске асырылды. Бірақ бабаларымыздың өмірі мен олардың ғажап өркениеті жөніндегі көптеген деректі құжаттар,

ПИЦЦА ДЛЯ ДУШИ

XXI век считается информационным. С развитием компьютерных и других информационных технологий интерес к традиционному чтению стремительно падает и эта проблема волнует современное общество.

Таким образом, исследователи констатируют, что сейчас формируется так называемое «медийное» поколение.

С целью воспитания любви к чтению и художественной литературе в рамках проекта «100 книг, которые должен прочитать студент КазНУ» преподаватели кафедры русской филологии и мировой литературы совместно со студентами третьего курса специальности «Русский язык и литература» провели открытое воспитательное мероприятие на тему «Хорошая книга – пицца для души». Мероприятие было проведено в форме беседы, студенты активно обсуждали роль и значение книги в жизни каждого человека, делились впечатлениями о своих любимых произведениях и авторах. Было отмечено, что хорошая книга формирует мировоззрение, расширяет кругозор, обогащает внутренний мир человека.

В конце встречи студенты представили буктрейлеры – агитационные ролики по прочитанным любимым книгам.

Ж. АБДУЛЛАЕВА,

И.о. доцента кафедры русской филологии и мировой литературы

■ ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

ЕЛЕУЛІ ТАБЫС



Физика-математика ғылымдарының кандидаты, теориялық және ядролық физика кафедрасының доценті Фарида Бексұлтанқызы Белисарова жас ұрпақты оқыту және тәрбиелеу ісіндегі елеулі табыстары үшін ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Ыбырай Алтынсарин» төсбелгісімен және университет ректоры Ф. Мұтановтың алғысхатымен марапатталды. «Қазақ университеті» газеті ұжымы атынан шын жүректен құттықтаймыз!

Осы күнге дейін республикалық және шет елдік периодтық басшыларда Ф.Б.Белисарованың 50-ден астам ғылыми еңбектері бар.

Фарида Бексұлтанқызы 2009-2010 оқу жылында «Факультеттің ең үздік оқытушысы» конкурсының жеңімпазы атанды, 2010-2011 оқу жылында «Факультеттің ең үздік әдвайзері» және оның кураторлық тобы «Факультеттің ең үздік студенттік тобы» атағына ие болды. 2012 жылдың 1 қыркүйегінен бастап теориялық және ядролық физика кафедрасының оқу, оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысы жөніндегі кафедра меңгерушісінің орынбасары қызметін атқарады. 2013 жылдан бастап PhD доктор дәрежесін беру үшін құрылған Физика мамандықтары тобы бойынша Диссертациялық кеңесінің Ғылым хатшысы қызметін атқарады.

ЖАРҚЫН ЖОЛ

Университетіміздің механика және математика факультеті механика кафедрасының түлегі Сейдулла Бексұлтан Академик Ш.Есенов атындағы ғылыми-білім беру қорының «Мамандар мен магистранттарға арналған әлемнің ең үздік зертханаларында ғылыми тағылымдамадан өту бағдарламасы» байқауына қатысып, жеті мың доллар тұратын грантты ұтып алды.



Бұл грант Бексұлтанға жазда Бостонға барып, Америка Құрама Штаттарындағы және әлемдегі ең беделді техникалық оқу орындарының бірі Массачусетс технологиялық институтының медико-биологиялық зертханасында жазғы тағылымдамадан өтуге мүмкіндік берді.

Л. НОДА,

А. РОЖКОВ,

кураторы I-го курса

факультета журналистики

ПРИУМНОЖАЯ ПОТЕНЦИАЛ

Традиционно в январе преподаватели нашего университета отправились... учиться. В девятый раз при поддержке департамента по воспитательной работе состоялась зимняя школа кураторов-эдвайзеров.



доцента, кандидата педагогических наук Зухры Садвакасовой.

Кураторы-эдвайзеры факультетов с заданием на практическую работу со своими группами узнавали виды стрессов, их положительное и отрицательное воздействие, а также как в условиях цейтнота развить устойчивость к ним, ознакомились с интересными и довольно простыми подходами применения научных разработок. Участники зимней школы увидели на деле, как все это применять к своим студентам. Говорили о видах коммуникации, возможностях и потребностях общения для сохранения гармонии в сложном процессе получения знания и формировании молодого специалиста. Конечно, выиграть стрессы и конфликты у студентов не получится, но

благодаря использованию представленных методик усилится мотивация обучаемых и результаты воспитательного процесса укрепят процесс подготовки кадров в вузе.

Личность и профессиональная компетентность современного студента, которому предстоит конкурировать на мировом уровне, в процессе своего становления нуждается в поддержке старших наставников – кураторов-эдвайзеров, которые не только дают знания, но способствуют личностному росту.

Даже опытные наставники студентов стараются обогащать свое педагогическое мастерство, ведь сейчас постоянно меняются форматы образования, трансформируются общественные ценности и приоритеты молодежи, поэтому столь важно применять в воспитательном процессе инновации. На тренингах кураторам-эдвайзерам предоставляется возможность учиться общению, новым формам поддержки личности студента и преодоления различных конфликтов. Не зря в университете продолжается процесс интеграции обучения и воспитания в устойчивое системообразующее направление.

Профессор кафедры педагогики и образовательного менеджмента, доктор педагогических наук Айгерим Мынбаева продемонстрировала и научила коллег как развивать стрессоустойчивость студентов креативными методами. В частности, используя методики канадских ученых Н. Эндлера и Дж. Паркера (адаптированных профессором Т.Л. Крюковой), шкалу стресса Т. Холмса – Р. Раэ и формы избавления от него через погружение в собственное «Я». Педагогический калькулятор в конфликтах и ракурсы его применения стали лейтмотивом тренинга

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің
ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор: **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**
Тілшілер: **Еңлік АҚЖІПТ, Айнұр АҚЫНБАЕВА,**
Перизат ЖАРЫЛҚАСЫНОВА
Фототілші: **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**
Корректор: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Ағила ШҮРИЕВА**

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:
kazuniver2016gazeta@gmail.com

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,
беттелді. АҚ "Алматы-Болашақ" баспаханасында
басылды.

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 1000 дана
Тапсырыс: №80

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.